

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 138/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 сәуірде № 32271 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Электрондық өнеркәсіпті және цифрлық активтер индустриясын дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

аэроғарыш өнеркәсібі министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2023 жылғы 7 сәуірдегі
№ 138/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 11.08.2023 № 331/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу және "Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне (тізілімнен) қосу (алып тастау)" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

2) цифрлық активтер саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – цифрлық активтер саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) цифрлық майнер – цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкері немесе заңды тұлғасы.

4) цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі – АБК) – белгілі бір үлгідегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдардың жиынтығы;

5) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ).

3. Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізілімін (бұдан әрі – тізілім) есепке алуды және жүргізуді көрсетілетін қызметті беруші цифрлық майнинг бойынша заңсыз жүзеге асыратын қызметті бақылау және анықтау, сондай-ақ елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

2-тарау. Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу тәртібі

4. Тізілімді есепке алу және жүргізу деп мыналар түсініледі:

1) АБК туралы мәліметтерді тізілімге енгізу;

2) өтініш берушілер ұсынған мәліметтер өзгерген (толықтырылған) кезде, сондай-ақ АБК тізілімнен шығарылған кезде тізілімді өзектендіру.

5. Тізілімді жүргізу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

6. Тізілімді есепке алу және жүргізу тізілімге енгізу (алып тастау) немесе өзгерістер (толықтырулар) енгізу үшін берілген өтініштердің (бұдан әрі – өтініш) негізінде жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттандыру объектісі арқылы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша құжаттар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) баяндалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып жібереді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған кезде "жеке кабинет" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9 Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде кеңсе қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды тіркеу сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тізілімге енгізу үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруге мүмкіндік беру үшін көрсетілетін қызметті алушыны бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

12. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

13. Көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АБК-ні тізілімге енгізу туралы шешім қабылдау туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы АБК-ні тізілімнен алып тастау үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттарды

құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Тексеру нәтижелері бойынша бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылымдық бөлімше басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған нысан бойынша тізілімнен шығару туралы хабарлама жібереді.

15. Тізілімде қамтылған мәліметтерді өзектендіру кезінде цифрлық майнер мәліметтер өзгерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық активтер саласындағы уәкілетті органға хабарлайды, ол құжаттар тіркелген сәттен бастап тізілімге 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзгерістер енгізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, бірыңғай байланыс орталығына (3) үш жұмыс күні ішінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

18. Көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, әкімшілік актіні жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы шағымда көрсетілген талаптарды толығымен қанағаттандыратын әрекет.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

21. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды тұлға, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды тұлғаның уәжді ұстанымын ұсынады.

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Цифрлық майнингке аппараттық-бағдарламалық кешен тізілімі

			Бизне с сәйке стенді р у нөмір і / Жеке сәйке стенді р у нөмір і		Цифр лық майн ингті жүзег е асыру үшін дерек терді өңдеу ортал ығын ың орнал асқан жері		Аппа ратты қ-бағ дарла малы қ кеше ннің толық атауы , марка сы, модел і	Аппа ратты қ-бағ дарла малы қ кеше ннің жеке серия лық нөмір і	Еураз иялық эконо микал ы қ одақт ың сыртқ ы эконо микал ы қ қызме тінің тауар номен клату расын	Аппараттық- бағдарламал ық кешен туралы техникалық мәліметтер			Менш і к құқығ ында немес е басқа д а занды негізд е цифр лық майн инг салас ында аппар аттық - бағда	Цифр лық майн ингке арнал ған аппар аттық - бағда рламалық кешенді тізілі мінен
					Байла ныс дерек					Хэшр ейт (Th/s)				

Тізілім жазбасының реттік нөмірі	Тізілім жазбасының қалыптастыру күні	Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы		Тіркеудің заңды мекен жайы		тері (ұялы телефон, электрондық пошта)			ың коды		Куат (кВт)	Кеден декларациясының нөмірі, саны	рламалық кешеннің болуын растайтын құжат	шығару күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11		12	13	14

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы өтініш

1. _____

(заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы)

2. _____

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

3. _____

(заңды тіркелген мекенжайы)

4. _____

(цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін деректер орталығының орналасқан жері)

5. _____

(байланыс деректері: ұялы телефон, электрондық пошта)

6. _____

(аппараттық-бағдарламалық кешеннің толық атауы маркасы, моделі, саны)

7. _____

(ЕАЭО СЭҚ ТН коды)

8. _____

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісемін.

9. _____

(меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг саласында аппараттық-бағдарламалық кешеннің бар екендігін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы және меншік иесінің байланыс деректері көрсетіледі)

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің мәліметтері

Реттік нөмірі	Аппараттық - бағдарламалық кешеннің толық атауы маркасы, моделі	Аппараттық - бағдарламалық кешеннің жеке сериялық нөмірі	Аппараттық-бағдарламалық кешен туралы техникалық мәліметтер		Кедендік жүк декларациясының нөмірі*	Аппараттық-бағдарламалық кешеннің жай-күйі	
			Хэшрейт (Th/s)	Қуат (кВт)		жарамды	жарамсыз

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағида
4-қосымша

Нысан

Өтініш цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешен тізілімінен шығару туралы

(Заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы)

(Тізілімнен алып тасталатын тізілім жазбасының атауы және мазмұны)

Байланыс деректері _____

(телефон, электрондық пошта)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісемін.

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағидаларына
5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі: "Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне қосу (тізілімнен алып тастау)"

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
ЗҚАИ-ның ескертпесі! 2-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.		
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	"Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттандыру объектісі арқылы www.elicense.kz немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы хабарлама беру кезінде - 5 (бес) жұмыс күні; Ұсынылған құжаттардың толық еместігі туралы факт анықталған кезде қызмет көрсетуші 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады; Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімнен шығару туралы хабарлама беру кезінде - 2 (екі) жұмыс күні.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-жол жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.06.2026 № 302/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы хабарлама, Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімнен шығару туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері;	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа; 2) портал – тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады), жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда.
		1) Кеңсе арқылы цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне енгізу үшін: осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы өтініш; осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша цифрлық майнингке

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

арналған аппараттық-бағдарламалық кешен туралы мәліметтер;
меншік құқығында немесе басқа да заңды негізде цифрлық майнинг саласындағы аппараттық-бағдарламалық кешенге меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі. Портал арқылы цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне енгізу үшін: осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы өтініш;
осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешен туралы мәліметтер;
меншік құқығында немесе басқа да заңды негізде цифрлық майнинг саласындағы аппараттық-бағдарламалық кешенге меншік құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.
2) Кеңсе арқылы цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімнен шығарған кезде: осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешен тізілімінен цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді алып тастау туралы өтініш;
цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді кәдеге жарату/ пайдалану /сату немесе жоғалту мерзімдерінің аяқталуын растайтын құжаттың көшірмесі. Портал арқылы цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық

		кешенді тізілімнен шығарған кезде: осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешен тізілімінен цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді алып тастау туралы өтініш; цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді кәдеге жарату/ пайдалану /сату немесе жоғалту мерзімдерінің аяқталуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымша	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар; 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады.

		6) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушы өзінде ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу үшін сұрау салу жібереді. 2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген moap@mdai.gov.kz. 4. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері - 1414, 8-800-080-7777.

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді есепке алу және тізілімін жүргізу қағидаларына 6-қосымша

Нысан





Ұйымның атауы		Ұйымның атауы
Дәлелді бас тарту		
Нөмірі №:		
Берілген күні : Өтініш берушінің аты		

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы, Сіздің өтінішіңізді қарап, өтінімінің күні, № кіріс құжаттың нөмірі, келесіні хабарлайды.

Бас тарту себебі

Қол қоюшының лауазымы

(тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)
[қол қоюшының]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағида
7-қосымша

Нысан

Ұйымның атауы



Ұйымның атауы

Уәкілетті органның бланкі

**Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы
хабарлама**

№ _____ күні "___" _____ 20__ жыл

(Хабарлама берген мемлекеттік органның атауы)

(Заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы)

Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі

ЕАЭО СЭҚ ТН коды





жолдаған өтініштің 3-қосымшасында көрсетілген аппараттық-бағдарламалық кешенің жеке сериялық нөмірлері мен техникалық мәліметтеріне (цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің толық атауы маркасы, моделі, саны) сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне енгізу туралы хабарлама береді.

(тегі, аты, әкесінің аты

Қол қоюшының лауазымы

(бар болса)

[қол қоюшының]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық
кешенді есепке алу және
тізілімін жүргізу қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Ұйымның атауы



Ұйымның атауы

Уәкілетті органның бланкі

Цифрлік майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімнен шығару туралы

Хабарлама


№ _____ күні " ____ " _____ 20__ жылы

Осы хабарлама берілді _____

(Заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы) және (цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің толық атауы)

[Қол қоюшының лауазымы] (тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Цифрлық майнингке арналған
аппараттық-бағдарламалық

Нысан

Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне мәліметтерді өзгерту туралы хабарлама

Цифрлық майнердің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(Жаңа редакциядағы тізілім жазбасының атауы және мазмұны:
Мәлімделген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың себебі)

Байланыс деректері

(телефон, электрондық пошта)

Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл